

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
7М04217 «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (СӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СООЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
103831 Су заңнамасын жетілдіру мәселелері	4	3	3	-	6	6	
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	БП, таңдау компоненті	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар				
Дәріскер (лер)	Джетибаев Нурбол Сатыбалдиевич						
e-mail:	Zhetybaev_14mail.ru						
Телефоны:	87074607905						
Ассистент (тер)	Джетибаев Нұрбол Сатыбалдиевич						
e-mail:	Zhetybaev_14mail.ru						
Телефоны:	87074607905						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)			
Қазақстан Республикасының Су заңнамасы, Су құқығы нормаларын қолдану практикасы, су объектілерін пайдалану және қорғау саласындағы қатынастардың ерекшелігі туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Зерделенетін болады - су заңнамасын дамыту ерекшелігі; су қорын пайдалану және қорғау саласындағы қатынастар; су қорын басқарудың құқықтық практикасы; шет елдердің су заңнамасы.	1. Нарықтық қатынастар жағдайындағы Қазақстандық су заңнамасының қалыптасуы мен дамуын зерттеп оқу.			1.1 Қазақстан Республикасын су қорының құқықтық мәртебесін қарастыру			
				1.2 Осы курсты оқу кезінде алынған білімді тәжірибелік жұмыста қолдану дағдысын үйрену			
	2. ҚР-дағы су заңнамасы бойынша негізгі түсініктері, пәні, реттеу әдістерімен қайнар көздерімен танысуы			2.1 Суды қорғау саласындағы нормаларды қолдану шарттарын талдау әдістемесін қолданды.			
				2.2 Суды қорғау қатынастарында белгілі бір нормаларды қолдану шарттарын түсіндіре біледі.			
				2.3 Әр түрлі практикалық жағдайларда су-құқықтық нормаларды заңнамалық бекітудің ерекшеліктерін талдауды меңгерген.			
	3. Қазақстанның қолданыстағы су құқықтық қатынастарының негізгі ережелерімен танысу			3.1 Суды қорғау саласындағы құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеу әдістемелерін жіктей біледі.			
				3.2 Суды қорғау саласындағы құқықтық қатынастарын мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістерін салыстыра алады.			
				3.3 Мемлекеттік реттеу мен басқарудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және осы әдістерді қолдану негіздерін анықтады			
	4. Қазақстан Республикасындағы су заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің түрлерін қарастыру			4.1 Суды қорғау саласындағы құқықтық заңнаманы қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуді біледі.			

		4.2 Заңдылықты бұзудың себептерін және олардың алдын алу жолдарын, жоюды түсіндіре алады.
	5. Су заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілікке тартатын органдарының құзіреттерін саралау, өзара ара қатынастарын ажырата білу	5.1 Су заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілікті қолдану қажеттілігін негіздеуді меңгерген. 5.2 Су заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік бойынша шет елдердің тәжірибесін қолдана біледі.
Пререквизиттер	Жер құқығы	
Постреквизиттер		
Оқу ресурстары	Әдебиет: 1. Негізгі: Қазақстан Республикасының Су кодексі Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 178-VIII ҚРЗ Кодексі.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000178 2. Жумагулов Т. ҚР су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. – Талдықорған, 2025. 3. Сулейменова С.Ж. Водное право Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы, 2010. – 286 с. 2. Қосымша: 3. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с. 4. Айгаринова Г.Т. Жангабулова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Алматы, қазақ университеті баспасы. 2018 жыл 5. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Сызба түрінде Алматы, Қазақ университеті баспасы. 2020 жыл Интернет-ресурстар 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. https://adilet.zan.kz/kaz/ 3. https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін СОӨЗ, СӨЖ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон rahmetov@mail.ru 87012821378 https://us04web.zoom.us/j/77053453571?pwd=rC2PIPTvXpERzxMakilRbgHuA5oV4B.1 https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_OTdmZWVIMzEtZTNhYi00ZDJmLWFmNmUtNzg2ZDc5MTg3YTNm%40thr
-----------------------------------	---

	ead.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22b0ab71a5-75b1-4d65-81f7-f479b4978d7b%22%2c%22Oid%22%3a%22ccf5cbec-bd61-4fa7-bedd-aa16eed5e428%22%7d
--	--

	МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. СӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3- 4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы		
B	3,0	80-84			
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74			
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
C-	1,67	60-64		Дәрістердегі белсенділік	
D+	1,33	55-59		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	30
D	1,0	50-54		Өзіндік жұмысы	30
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
F	0	0-24		ЖИЫНТЫҒЫ	100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Мак балл
МОДУЛЬ 1 Су құқығының негіздерін дамыту мәселелері			

1	Д 1. ҚР су заңнамасы: түсінігі, пәні, құқықтық реттеу әдістері.	1	
	СС 1. Су заңнамасының міндеттері, мақсаттары, қағидалары.	2	0
2	Д 2. Су заңнамасының даму тарихы.	1	
	СЗ 2. Қазақстандағы су заңнамасының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттары	2	0
3	Д 3. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарына жалпы сипаттама. Су қатынастарының объектілері мен субъектілері.	1	
	СС 3. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі. Су қатынастары объектілеріне меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар.	2	0
	СОӨЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер		
4	Д 4. Су пайдалану құқығы	1	
	СС 4. Су объектілерінің түрлері және оларды пайдалану құқығы Су пайдалану құқығы және оның түрлері, су тұтыну құқығы Су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері Су сервитуты	2	10
	СӨЖ 1. 2025ж. 9 сәуірдегі Су Кодексіне жалпы сипаттама тақырыбында презентация бойынша түсіндірме талдау. Нысаны жазбаша. Өткізілетін апта – 3,4 апталар.		25
5	Д 5. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу.	1	
	СС 5. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу, мемлекеттік бақылау және қадағалау. Мемлекеттік жоспарлау. Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспары. Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспары. Су шаруашылығы баланстары. Су ресурстарын пайдалану туралы ұлттық ақпараттық есеп. Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі. Су қорын мемлекеттік есепке алу. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі. Мемлекеттік су кадастры. Су қорын қорғау және пайдалану саласында нормалау және сараптама жүргізу	2	10
6	Д 6. Су шаруашылығы ұйымдарының құқықтық мәртебесі. Өндірістік және қоғамдық бақылау, бассейндік кеңес және бассейндік келісімдер	1	
	СС 6. Су шаруашылығы ұйымдары. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау. Бассейндік кеңес. Су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер. Су ресурстарының пайдаланылуын өндірістік бақылау. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануға қойылатын жалпы талаптар. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың жалпы ережелері. Құрылысжайлардың тізілімі. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайларды пайдалану ерекшеліктері. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайлар туралы жалпы ережелер. Гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану. Гидротехникалық құрылысжайларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету. Тірек гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың ерекше режимі. Гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелерінің (иеленушілерінің) жауапкершілігі	2	10
	СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер		
7	Д 7 Су объектілерін қорғау. Су қорғау қызметі	1	
	СС 7. Су объектілерін қорғау. Жерүсті су объектілерін ластанудан қорғау. Жерүсті су объектілерін қоқыстанудан қорғау. Су объектілерін сарқылудан қорғау. Шағын су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау ерекшеліктері. Сулы-батпақты алқаптарды қорғау ерекшеліктері. Мұздықтар мен көпжылдық қарды қорғау ерекшеліктері. Жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері.	2	10
	СӨЖ 2. Су объектілерін сарқылудан қорғау. Тапсыру нысаны реферат		25
МОДУЛЬ 2 Су ресурстары мен су шаруашылығы құрылыс жайларын пайдалану мәселесі			

8	Д 8. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелері.	1	
	СС 8. Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесі. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйесі. Кондоминиумдар объектісінің құрамына кіретін сумен жабдықтау және су бұру жүйесі. Елді мекендердің су бұру жүйесі. Елді мекендердің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі. Су тұтынушының меншігіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесі	2	10
Аралық бақылау 1			100
9	Д 9. Таза суға құқық. Ауызсудың сапасын және сарқынды сулардың құрамын өндірістік бақылау	1	
	СС 9. Ауызсу сапасын жақсарту жөніндегі талаптар. Су тұтынушылар елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ағызатын сарқынды суларға қойылатын талаптар. Сумен жабдықтау және су бұру саласында су тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сарқынды суларды қабылдау бойынша қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе шектеу.	2	7
	СОӨЖ 3. СӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер.		
10	Д 10. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын ауыл шаруашылығында пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін пайдалану	1	
	СС 10. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын жерді тұрақты суару үшін пайдалану. Жерлерді суару үшін су пайдалануды жоспарлау. Ирригациялық кондоминиум. Ирригациялық кондоминиум объектісін тіркеу. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың құқықтары. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың міндеттері	2	7
	СӨЖ 3. Қазақстан Республикасы су заңнамасы бойынша климаттың өзгеруіне бейімдеу мәселелері мен шешу жолдары. Нысаны жазбаша реферат		25
11	Д 11. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын экономиканың өзге де салаларында пайдалану	1	
	СС 11. Су объектілері мен су ресурстарын өнеркәсіп пен жылу энергетикасы үшін пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын гидроэнергетика үшін пайдалану. Су объектілерін сауықтыру және рекреациялық мақсаттарда пайдалану. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын өрт сөндіру үшін пайдалану. Су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін аңшылық шаруашылықты жүргізу үшін пайдалану	2	7
	СОӨЖ 4. СӨЖ 4 бойынша кеңестер		
12	Д 12. Су ресурстарының ластану түрлері және олардың құқықтық салдары.	1	
	СС 12. Су ресурстарының ластануынан келтірілген залалды өтеу тетіктері	2	7
	СӨЖ 4. Су ресурстарына келтірілген залалдың орнын толтыру, практикалық нысанда жағдаяттық есептерді шешу		25
13	Д 13. Траншекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидаттары	1	
	СЗ 13. Траншекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық тетігі	2	7
	СОӨЖ 5. Аралық бақылауға дайындық бойынша кеңестер		
14	Д 14. Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылыққа сипаттама	1	
	СС 14. ҚР су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық түрлері: қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік жауаптылық	2	7
15	Д 15. Су заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен құқықтық қарым-қатынасы. Екі жақты келісімдер,	1	

	дауларды шешу тәртібі.		
	СС 15. Су заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау	2	8
	СОӨЖ 6. Емтиханға дайындық бойынша кеңестер		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Факультет деканы

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрайымы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер



У.А.Ахатов

А.А. Урисбаева

Г.А. Куаналиева

Е.Ш. Рахметов

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

2025ж. 9 сәуірдегі Су Кодексіне жалпы сипаттама тақырыбында презентация бойынша түсіндірме талдау. Нысаны жазбаша.

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20 %	«Қанағаттанарлық» 10-15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10 %
Су құқығы саласындағы заңнаманың теориялары мен түсініктерін түсіну	Су кодексінің негізгі қағидаттарын, халықаралық су құқығы нормаларымен байланысын толық әрі терең түсіндіреді. Негізгі баптарға дәл сілтеме жасайды.	Су кодексінің негізгі ұғымдарын сипаттайды, бірақ барлық тұстарды толық ашпайды. Сілтемелер бар, бірақ толық емес.	Су кодексінің негізгі ұғымдарына үстірт тоқталады, кейбір түсініктер ашылмаған, сілтемелер шектеулі.	Су кодексінің нормаларын үстірт немесе қате түсіндіреді, дереккөздерге сілтеме жасалмаған.
Су кодексіндегі негізгі жаңалықтар мен құқықтық мәселелерді ұғыну	2025 ж. жаңа Су кодексіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды анық сипаттайды, нақты мысалдар келтіреді, салыстырмалы зерттеу жүргізеді. Эмпирикалық дәлелдерге сүйенеді.	Су кодексіндегі жаңалықтарды түсіндіреді, бірақ кейбір мәселелер толық ашылмаған. Дәлелдер бар, бірақ аз.	Жаңалықтар мен мәселелерді шектеулі сипаттайды, кейбір тұстар үстірт талданған.	Су кодексіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды көрсетпейді немесе қате түсіндіреді.
Саясаттық немесе практикалық ұсыныстар	Су ресурстарын басқаруды жетілдіруге арналған нақты, негізделген саяси және практикалық ұсыныстар жасайды.	Кейбір ұсыныстар береді, бірақ толық негізделмеген.	Ұсыныстар жалпы сипатта, талдау жеткіліксіз.	Ұсыныстар жоқ немесе сапасыз.
Жазу, APA style	Жазу өте анық, нақты, логикалық құрылым бар, APA style талаптары толық сақталған.	Жазу анық, аздаған қателері бар, APA style негізінен сақталған.	Жазуда бірнеше қате бар, APA style талаптары толық орындалмаған.	Жазу түсініксіз, логикасы жоқ, APA style сақталмаған.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

«Су объектілерін сарқылудан қорғау» жазбаша тапсырмасы

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20 %	«Қанағаттанарлық» 10-15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10 %
Су объектілерін қорғау саласындағы теориялар мен тұжырымдамаларды түсіну	Су ресурстарын сарқылудан қорғаудың экологиялық-құқықтық теорияларын, халықаралық тәжірибені толық әрі терең түсіндіреді. Негізгі ұғымдарға дәл және орынды сілтеме береді.	Су қорғау теорияларын түсіндіреді, бірақ кейбір тұстар толық ашылмаған. Сілтемелер бар, бірақ толық емес.	Су қорғау түсініктерін шектеулі сипаттайды, негізгі ұғымдарды үстірт қарастырады.	Су қорғау теорияларын үстірт немесе қате түсіндіреді, сілтемелер жоқ.
Су объектілерін қорғаудағы негізгі мәселелерді ұғыну	Қазақстан заңнамасы мен халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, су объектілерінің сарқылу мәселелерін анық сипаттайды. Эмпирикалық және салыстырмалы зерттеу нәтижелерін қолданады.	Негізгі мәселелерді түсіндіреді, бірақ дәлелдер аз. Мысалдар бар, бірақ толық емес.	Мәселелерді үстірт талдайды, нақты дәлелдер келтірілмеген.	Су объектілерінің сарқылу мәселелерін көрсетпейді немесе қате талдайды.
Саясаттық немесе практикалық ұсыныстар	Су объектілерін сарқылудан қорғауға арналған нақты, ғылыми негізделген ұсыныстар береді (заңнамалық, басқарушылық, экологиялық шаралар).	Кейбір ұсыныстар бар, бірақ толық дәлелденбеген.	Ұсыныстар жалпы сипатта, нақты негіздемесі жоқ.	Ұсыныстар жоқ немесе сапасыз.
Жазу, APA style	Жазу өте анық, нақты, логикалық, талапқа сай. APA style толық сақталған.	Жазу айқын, бірақ кейбір қателер бар. APA style негізінен сақталған.	Жазуда бірнеше қате бар, APA style талаптары толық орындалмаған.	Жазу түсініксіз, жүйесіз, APA style сақталмаған.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

«Қазақстан Республикасы су заңнамасы бойынша климаттың өзгеруіне бейімдеу мәселелері мен шешу жолдары» ауызша тапсырмасы

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20 %	«Қанағаттанарлық» 10-15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10 %
Су заңнамасы мен климаттық бейімдеу теорияларын түсіну	ҚР су заңнамасының негізгі нормаларын, климаттық бейімдеу қағидаттарын терең әрі нақты түсіндіреді. Халықаралық тәжірибемен салыстырады.	Су заңнамасы мен климаттық бейімдеудің негізгі ұғымдарын сипаттайды, бірақ толық емес.	Негізгі түсініктерді үстірт қарастырады, тек кейбір аспектілерін атап өтеді.	Су заңнамасы мен климаттық бейімдеу ұғымдарын үстірт немесе қате түсіндіреді.
Негізгі мәселелерді талдау және дәлел келтіру	Қазақстандағы су ресурстарын климаттық өзгерістерге бейімдеудегі басты проблемаларды айқын сипаттайды, ғылыми дәлелдер мен нақты мысалдар келтіреді.	Негізгі мәселелерді түсіндіреді, бірақ дәлелдері шектеулі.	Мәселелерді жалпы атап өтеді, бірақ нақты талдау жоқ.	Су ресурстары мен климаттық өзгеріс мәселелерін көрсетпейді немесе қате сипаттайды.
Шешу жолдары мен ұсыныстар	Су заңнамасын жетілдіру, экологиялық, институционалдық және басқарушылық шараларға қатысты нақты әрі негізделген ұсыныстар береді.	Кейбір ұсыныстар жасайды, бірақ толық негізделмеген.	Ұсыныстар жалпы сипатта, нақты дәлелдемесі жоқ.	Ұсыныстар жоқ немесе сапасыз.
Ауызша баяндау мәдениеті	Сөйлеу өте анық, сенімді, логикалық жүйелі, уақытты тиімді пайдаланады. Сұрақтарға толық жауап береді.	Сөйлеу анық, аздап кідіріс бар. Логика сақталған, сұрақтарға жауап береді.	Сөйлеуінде жүйелілік аз, ой жеткізу қиындық тудырады. Сұрақтарға толық емес жауап береді.	Сөйлеу түсініксіз, жүйесіз. Сұрақтарға жауап бермейді немесе тақырыптан ауытқиды.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Су ресурстарына келтірілген залалдың орнын толтыру, практикалық нысанда жағдаяттық есептерді шешу

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20 %	«Қанағаттанарлық» 10-15 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10 %
Су ресурстарына келтірілген залал туралы заңнамалық нормаларды түсіну	ҚР Су кодексі, Экологиялық кодекс және басқа нормативтік-құқықтық актілердің нормаларын толық әрі терең түсіндіреді. Нақты баптарға сілтеме жасайды.	Негізгі заң нормаларын біледі, мысалдар келтіреді, бірақ толық ашпайды.	Заң нормаларына үстірт тоқталады, тек жекелеген баптарды атайды.	Заңнаманы білмейді немесе қате түсіндіреді.
Жағдаяттық есептерді шешу	Есептерді дұрыс шешеді, залалды есептеудің барлық құқықтық және экономикалық әдістерін қолданады. Нәтижені заңды негіздермен дәлелдейді.	Есептерді шешеді, бірақ кейбір қателері бар немесе барлық әдістерді қолданбаған.	Есеп шешімі жартылай дұрыс, дәлелдемелері әлсіз.	Есепті шеше алмайды немесе шешімі дұрыс емес.
Практикалық ұсыныстар мен қорытынды	Су ресурстарын қорғау және келтірілген залалды болдырмау бойынша нақты әрі негізделген практикалық ұсыныстар жасайды.	Ұсыныстар бар, бірақ толық негізделмеген.	Ұсыныстар жалпы сипатта, дәлелсіз.	Ұсыныстар жоқ немесе сапасыз.
Жазу, құрылым және стиль	Жазу өте анық, логикалық жүйелі, практикалық есептердің шешімдері түсінікті. APA style сақталған.	Жазу анық, бірақ аздаған қателері бар. APA style негізінен сақталған.	Жазуда бірнеше қате бар, құрылым әлсіз, APA style толық сақталмаған.	Жазу түсініксіз, жүйесіз, APA style сақталмаған.